

**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ**



**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА**

**Микробиология, иммунология және вирусология
кафедрасы**

СӨЖ

**Тақырыбы: Сальмонеллалар, микробиологиялық
диагностика, алдын-алу мен емдеу жолдары**

Қабылдаған: Бегадилова Т.С.
Орындаған: Хамитова А.Х.
Факультет: Стоматология
Курс: II
Топ: СТ15-003-01

Алматы 2017 жыл


Жоспары:

- ☐ Классификациясы
- ☐ Сальмонелла туралы түсінік
- ☐ Дақылдандырылуы
- ☐ Ерекшеліктері
- ☐ Диагноз қою түрлері
- ☐ Жеделдетілген әдіс
- ☐ Бактериологиялық әдіс
- ☐ Емдеуі және алдын алуы


Классификациясы

- Тұқымдастығы: **Enterobacteriaceae**
- Туыстастығы: **Salmonella**
- Түрлері: **S.typhi**
S.paratyphi A
S.paratyphi B
S.enteritidis
S.typhimurium

САЛЬМОНЕЛЛАЛАР



Сальмонелла



Сальмонелла – Enterobacteriaceae тұқымдастығына жататын өте ұсақ, грам теріс, ұшы жұмырланған таяқшалар (ұзындығы 1-7 мкм, ені 0,3-0,7 мкм). Спора түзбейді, микрокапсуласы бар, перитрихтар.

Туыстастық атауға АҚШ ғалымы Д. Сальмонның құрметіне (1885 жылы) ие болды.

Іш сүзегі мен А және В парасүзектері сальмонеллалар тудыратын аурулар, ішектің лимфа жүйесінің зақымдалуымен, айқын интоксикациямен сипатталады.

ДАҚЫЛДАНДЫРУ



Сальмонеллалар – факультативті анаэробтар, қоректік ортаны талғамайды. 37 °С температурада, рН 7,2-7,4 өседі. Элективті ортасы – өт сорпасы. Іш сүзегіне диагноз қою кезінде басқа ішек инфекциялары сияқты Эндо, Левин, өт қосылған дифференциальды-диагностикалық қоректік орталар қолданылады. Тығыз қоректік орталарда R- және S-колониялар түзеді.


Сұйық қоректік ортаны біркелі лайландырса, тығыз қоректік ортада «білем» тәрізді кілегейлі төмпешік колония түзеді.

Науқастан алынған қанды – өт сорпасына себеді, ал қосымша микрофлорасы бар материалды – селенит сорпасына себеді. Лактозасы бар дифференциальды-диагностикалық қоректік орталарда – түссіз, висмут-сульфидті агарда – қара коллониялар түзеді.



Ерекшеліктері:

- Сальмонеллалардың көпшілігі талшықтарының перитрихты орналасуына байланысты қозғалмалы келеді.
- Лактозаны ыдыратпайды, бірқатар көмірсуларды газ түзбей ыдыратады. Күкірт сутегін түзеді, ал индолды түзбейді.
- Төменгі температураға тұрақты, таза суық суда бір жарым жылға дейін, бөлме шаңында – 80-500 тәулікке дейін сақталады. Дезинфекциялық заттарға, жоғары температураға, УК-сәулелерге өте сезімтал.
- Ішек қабырғасына орныққаннан кейін TTSS-1 токсинін бөліп, бәсекелестерін жояды.





□ **Алиментарлық жол** - жұқтырудың негізгі жолы болып табылады. Ал тағам өнімдері (жануарлардың еті, құс, балық, устрицалар, таңқышаяндар, жұмыртқа және жұмыртқа өнімдері, сүт және сүт өнімдері, көкөніс және жеміс-жидектер, крем өнімдері) жұқтырудың негізгі факторы болып табылады. Ауруды су арқылы жұқтыруға болады.





Сальмонеллаларға микробиологиялық диагноз қою түрлері

Жеделдетілген
әдіс

Бактериологиялық
әдіс


Серологиялық
әдіс

Жеделдетілген әдіс:

- ❖ ИФТ (иммунды-ферментті талдау реакциясы)
- ❖ Vi – антигенін анықтау (Vi–гемаглютинациялық реакция)

ИФТ

ИФТ дегеніміз антигендерді соларға сәйкес ферментпен белгіленген антиденелермен анықтау. Антиген ферментпен таңбаланған иммунды сарысумен қосылғаннан кейін, сол қосындыға ферментпен ыдыратылатын зат (хромоген) құйылады. Зат ферментпен ыдыратылып реакциядағы сұйықтың түсін өзгертеді. Байланысқан антигенмен антиденелердің саны неғұрлым көп болса, соғұрлым сұйықтың түсі күрөңдеу болады.



Бактериологиялық әдіс



Бактериологиялық әдіс — диагноз қоюдың негізгі түрі. Зерттеу материалы ретінде қан, құсық, асқазанның шайындысы, зәр, нәжіс алынады. Науқастанушылықтың бірінші күні қан алынады, оны өт қосылған ортаға немесе Раппопорт ортасына себеді. Себіндіні 37 °С температурада инкубациялайды. 3-5-7 тәулікте дифференциалды-диагностикалық (Плоскирев, Эндо, висмут-сульфит агар) орталарға себеді.

Сальмонеллаларға ұқсас колониялар (мөлдір, жартылай мөлдір, түссіз немесе ашық қызғылт, висмут-сульфид агарда ортасы қара-сұрлау жасыл) табылса, олардың ферменттік қасиеттерін, сосын антигендік құрылымын О- және Н-сарысулармен әйнекше бетінде агглютинациялау арқылы идентификациялайды



Біріншілік себінді жасалған қоректік орталарда өскен колониялардың идентификациясын – бөлінген дақылдың таксономиялық маңызды көрсеткіштерін және туыстастық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіншілік беретін тесттердің жинағының көмегімен жүргізеді. Колонияларды Клигер агарына, өт қосылған ортаға, Симмонстың цитратты агарына, жартылай сұйық агарға себеді, соңғы пробирканың тығынына индолға индикаторлық сынама қояды. Екінші аптада зерттеу материалы ретінде несеп пен нәжіс қолданылады: капро- немесе уринодақылдар бөледі. Бөлінген дақылдарды сәйкесінше идентификациялайды. *Salmonella typhi*-ді Vi-фагтардың жинағымен фаготиптейді. Фаготипті анықтау – іш сүзегінің эпидемиологиялық бұрқетпесін анықтауда маңызды. Сонымен қатар 8-10 күндік науқастардың қанында О- және Н- антиденелері пайда болады, бұл кезде қосымша маңыздылығы бар серологиялық әдіс те қолданылады: О- және Н- диагностикумдарымен Видаль агглютинациялық реакциясы, ЖГАР



Емдеуі және алдын алуы

Сальмонеллезді емдеуде асқазанды жуу, диета, су-тұз алмасуын ретке келтіру үшін жасалатын шаралар жүргізіледі. Жеңіл немесе орташа ауырлықты дәрежесінде антибиотиктер қолданбайды, себебі оларды пайдалану дисбактериозға және аурудың созылмалы түріне әкелуі мүмкін., сонымен қатар антибиотикке тұрақты салмонеллалардың саны орасан көп.

Ауыр түрінде антибиотиктер тағайындалады (ципрофлоксацин, доксициклин, ко-тримоксазол т.б.). Сонымен бірге иммундытерапия, фагпен емдеу қолданылады.



Алдын-алу үшін бейспецификалық - санитарлық-гигиеналық және санитарлық-ветеринариялық іс-шаралар жүргізіледі, яғни ет немесе жұмыртқаны өңдеу және сақтау технологиясын бұлжытпай орындау. Инфекцияның ошағында жедел алдын алу мақсатында іш сүзекті бактерифаг пайдаланылады.

□ Сальмонеллезді алдын-алу жөніндегі маңызды іс-шаралар:

- -Тез бұзылатын тағам өнімдерін тоңазытқышта сақтаңыз;
 - Шикі және піскен ет, балық және көкөністерді өңдеу барысында бөлек асханалық тақтада және бөлек пышақ пайдаланыңыз;
 - Дүкеннен жұмыртқа сатып алғаннан кейін үйде оларды жуыңыз (сабын - содалы ерітіндісімен) және ұзақ уақыт термиялық өңдеуден өткізіңіз, қауызы бұзылған жұмыртқаны сатып алмау, сыртында қан тамшылары немесе көң іздері бар жұмыртқаны пайдаланбаңыз;
 - Тағамдардың пайдалану мерзімін және температуралық тәртіпті сақтаңыз. Дайын тағамдарды мүмкіндігінше бірден пайдаланған дұрыс.
- Қалған тағамдарды тоңазытқышта сақтау және қолданар алдында қайнату қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- Б.А.Рамазанованың және Қ.Құдайбергеноұлының редакциялауымен шығарылған – Медициналық микробиология. Алматы. 2011 жыл. 308-311 беттер
- <http://myfamilydoctor.ru/salmonellez-simptomy-lechenie/>
- <http://zdravotvet.ru/vse-voprosy-o-salmonelleze-simptomy-lechenie-kak-ne-zarazitsya/>
- Wikipedia - <https://ru.wikipedia.org/Сальмонеллы>
- Уикипедия - <https://kk.wikipedia.org/Сальмонеллоз>
- Google сурет – www.google.kz